

**Арқалық қаласы бойынша сот шешімімен
коммуналдық меншікке түскен болып танылған
иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын
бекіту туралы**

Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2017 жылғы
21 желтоқсандағы № 151 шешімі. Қостанай облысының
Әділет департаментінде 2018 жылғы 9 қаңтарда № 7471
болып тіркелді

ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі,
17.01.2018 ж.

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының
Экологиялық кодексі 19-1-бабының 3) тармақшасына,
"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік
басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23
қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына
сәйкес Арқалық қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған сот шешімімен коммуналдық
меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды
басқару қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен
кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа
енгізіледі.

*Арқалық қалалық
мәслихатының
кезектен тыс
сессиясының төрайымы А. Бекентай
Арқалық қалалық
мәслихатының хатшысы Г. Елтебаева*

КЕЛІСІЛДІ

"Арқалық қаласы әкімдігінің тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылығы,
жолаушылар келігі, автомобиль
жолдары және тұрғын үй инспекциясы
бөлімі" мемлекеттік мекемесі
басшысының міндетін атқарушы

Е. Ибраев

Мәслихаттың
2017 жылғы 21
желтоқсандағы
№ 151

Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес әзірленді және сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды (бұдан әрі – иесіз қалдықтар) басқару тәртібін айқындайды.

2. Иесіз қалдықтарды коммуналдық меншікке беру сот шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

3. Иесіз қалдықтарды басқаруды Арқалық қаласының әкімдігімен (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырылады.

4. Иесіз қалдықтарды басқару мақсатында жергілікті атқарушы органымен комиссия құрылады (бұдан әрі – Комиссия).

Иесіз қалдықтарды басқару бойынша жұмыстарды ұйымдастыратын орган ретінде "Арқалық қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" коммуналдық шаруашылық саласында қызметті жүзеге асыруға уәкілеттілік берген және тиісті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемесі болып белгіленеді.

5. Иесіз қалдықтарды басқару – бұл иесіз қалдықтарды бағалау, есепке алу, одан әрі пайдалану, сату, кәдеге жарату және жою бойынша қызмет.

2. Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару тәртібі

6. Иесіз қалдықтарды есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану "Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері" 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Талап етілмеген иесіз қалдықтарды қауіпсіз

кәдеге жарату және жою бойынша жұмысты ұйымдастыруды жергілікті атқарушы органымен Комиссияның ұсыныстарын ескере отырып Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

8. Иесіз қалдықтарды кәдеге жарату және жою бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізушіні таңдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Иесіз қалдықтар сатылғаннан, кәдеге жаратылғаннан, жойылғаннан кейін иесіз қалдықтардың орналасқан аумақтарын қалпына келтіру Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

3. Қорытынды ережелер

10. Иесіз қалдықтармен жұмыс істеу барысында Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген талаптар сақталады.